

Әбдірахман Байдилин мен
Бейсенбай Кенжебаев
шығармашылығы

Орындаған: Турсынбек Ш.А
Тексерген: Сетимова А.Т

Ақтөбе, 2018 жыл

Әбдірахман Байдилдин



(1891-1931) - әдебиетші, түрктанушы, қоғам қайраткері. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданында дүниеге келген.

Үш жылдық ауыл мектебін, орыс-қырғыз училищесін, Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірген. «Бірлік» ұйымының мүшесі, әрі оның хатшысы болған. Ақпан революциясынан соң Ақмола облысындағы Қазақ комитетін ұйымдастыруға белсене атсалысқан.

- 1917 жылы Ақпан революциясынан соң Ақмола облысы Қазақ комитетін ұйымдастыруға атсалысты.
- 1919 жылы Алашорда делегациясымен бірге Уфа мен Самарада өткен кеңестік билікке қарсы күштердің мәжілістеріне қатысады.
- 1920 жылы РК(б)П комитетінің мұсылмандар семинариясының төрағасы
- 1921 – 1922 жылдары Орынборда Қазақ АКСР Жер комиссариатының алқа мүшесі
- “Еңбекші қазақ” газетінің редакторы
- 1923 жылы Орал облысы партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің мүшесі
- “Қызыл Ту” газетінің редакторы

- 1923 – 1925 жылдары Мәскеуде Орт. баспаның қазақ секциясының қызметкері
- 1925 – 1926 жылдары Қазақ өлкелік БК(б) П комитетті баспасөз бөлімінің меңгерушісі
- 1926 – 1928 жылдары республика оқу-ағарту қызметкерлері кәсіподағының төрағасы
- 1929 жылы ҚазМУ-дің оқытушысы.
- 1929 жылы басталған қуғын-сүргін кезінде қамалып, 1931 жылы ату жазасына кесілді. Тергеу барысында тұрақсыздық танытып, алаш зиялыларына қарсы көрсетулер берген.

Әбдірахман Байділдин «Алдымыздағы мақсатымыз» (1926), «Оқытушылар мен кәсіпшілер қозғалысы» (1927), «Оқу қызметкерлеріне жолбасшы», «Жаңа әліппе» (1928), «Қызыл әскер әліппесі» атты еңбектердің авторы. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлт зиялыларына арнаған әйгілі эпиграммаларында Әбдірахман Байділдинге де бірер шумақ арнайды:

Чик-чик,

Сылдыр-сылдыр, Колокольчик, Былдыр-былдыр. Дин, дин, дин.

Байділдин.

Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық кітабында **Әбдірахман Байділдинді «сенімді пікірлес»** деп атайды. Қазақстан журналистикасының ардагері Ғалым Ахмедов «Егемен Қазақстан» газетінің 80 жылдығына орай берген сұхбатында: «Сол жылдары Әбдірахман Байділдин журналистиканың танымал тарланы болды, қазақ және орыс тілдерінде бірдей әрі көп жазатын», – деп атап айтты.

«Заманының сұрқылтайы» (Әбдірахман Байділдин)

📅 16.07.2012 📖 596 рет оқылды 🗨 Пікір жоқ



Тұрсын ЖҰРТБАЙ,

жазушы

1.

«Алашорда ісінде» тергеуге әрі тосын, әрі орынды тартылған бір түсініксіз тұлға, дәлірек айтсақ, түсініксіз тағдыр иесі бар. Омбыда С.Сейфуллинмен, М.Жұмабаевпен, С.Садуақасовпен, Ж.Садуақасовпен, Д.Әділевпен қатар оқыған. Өмір жолын ұлт тағдырына араласқан алаш ұранды жас қазақтардың сапында бастаған. Тіпті, «Алашорда» үкіметін құру жолында Ә.Бөкейхановқа көмекші де болған. Замандастарының естеліктері мен Ғалым Ахмедов дегдардың сыпаттауына қарағанда: мінезі қызба, әліптің артын бақпай сөйлеп, соңынан өкініп жүретін адам екен. Ол – тергеу барысында ерекше белсенділік көрсеткен және қиыннан қиысып келіп «сұранды» болған адам – Әбдірахман Байділдин.

Бейсенбай Кенжебаев



(1904-1987)-филология ғылымының докторы , профессор ,ғалым , Бөген ауылы, Ордабасы ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген.

1925 жылы Мәскеудегі Шығыс еңбекшілері коммунистік университетін, Әдебиет институтының 2-курсын, 1942 жылы ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген.

- «Жас қайрат», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш», 1923–28), «Кеңес туы» (1929–30), «Оңтүстік Қазақстан» (1932–33), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан», 1928–29, 1931–32, 1933–35), т.б. газет-журналдарда бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редактор.
- 1938–1941 - «КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ведомостарында» аудармашы.
- 1941–1944 - Қазақстан мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып қызмет істеген.
- 1961 - жылдан ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі.
- 1975–1987 жылдары осы университетте профессор болды.

«ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократ жазушылары (монография бойынша)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Кенжебаев – қазақ әдебиетінің мәселелеріне, қазақ баспасөзінің тарихына арналған іргелі еңбектердің, Абай, С.Торайғыров, Жамбыл Жабаев, М.Сералин, М.О.Әуезов, С.Шәріповтің өмірі мен шығармалары туралы зерттеулердің авторы. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (1967) жариялады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысты. Кеңестік кезеңде коммунистік идеологияға орай, қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан (19 ғ.) басталады деген жаңсақ пікірді теріске шығарып, оның Орхон-Енисей жазбаларынан басталатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді

Еңбектері:

- ✓ «Көне әдебиет туралы» (1969),
- ✓ «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973) атты еңбектерін жазды.
- ✓ «Қазақ әдебиеті тарихы» (1948) кітабының фольклорға қатысты тарауларын жазып,
- ✓ «Жамбыл Жаббаев – қазақ халқының жыршысы» (1955),
- ✓ «Біржан сал мен Сараның айтысқаны» (1955), т.б. зерттеулерін жариялады.
- ✓ «Тымпи» (1943, 1981),
- ✓ «Көңіл ашар» (1971) сатиралық фольклор мұраларын бастырды.

Бейсенбай ақсақал үндемей жүргенімен, ішінде арыстан ойнап жатқан адам. Ақталмай тұрғанда басқалары атын атауға батылы бармай, үрейленетін кезде Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып туралы естелік жазып, кейінгі ұрпаққа қалдыруы керемет ерлік қой.

Әбділда Тәжібаев